



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«___» _____ 201__года

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 11-21/989 от: 24.04.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

*2017 жылғы 30 наурыздағы
№ ДС-83*

Құрметті депутаттар!

Сіздердің А-15 «Жызақ – Жетісай – Сарыағаш – Жібек жолы» қолданыстағы автомобиль жолын (бұдан әрі – қолданыстағы жол) неғұрлым жоғары санатқа ауыстыра отырып, реконструкциялауға қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Бүгінгі күні қолданыстағы жолдың көлік-пайдалану сапасы қанағаттанарлықсыз жағдайда, жол қозғалысының қарқындылығы мен жол-көлік оқиғалары санының тұрақты түрде өсуі байқалып отыр.

Жол қозғалысы қарқындылығының күрт ұлғаюы аталған жолдың бойымен ауыр жүк тасымалдайтын транзиттік көлік үшін негізгі қақпалар болып табылатын Өзбекстан Республикасымен шекарадағы «Қонысбаев» кедендік бекеті арқылы кіретін автомобиль көлігінің транзиттік тасымалының негізгі бөлігі өтетіндігімен байланысты.

Жол қозғалысының өсіп келе жатқан қарқындылығын және қолданыстағы жолдың қанағаттанарлықсыз техникалық жай-күйін назарға ала отырып, сондай-ақ Сарыағаш қаласы арқылы өтетін көлік ағынын төмендету мақсатында бүгінгі күні қолданыстағы жолдың 144–174 км учаскесін және жалпы ұзындығы 98 км 0-14 км «Қызыләскер – Шыназ» (Қонысбаев бекеті) кіреберісін реконструкциялай отырып, автомобиль жолын 4 жолақты қозғалысы бар I-б санатқа ауыстырумен, ұзындығы 56 км Сарыағаш қаласының айналма жолын салу қажеттігі туындап отыр.

Осы автомобиль жолының жоғары қарқындылығын ескере отырып, жобаны ақылы жүйені енгізумен, концессия тетігі арқылы іске асыру мәселесі қаралуда.

Осыған байланысты, Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Азия Даму Банкімен бірлесіп жобаны дайындау бойынша жұмыстар жүргізуде, оның қорытындысы бойынша банктің консультанттары грант негізінде техникалық-экономикалық негіздеме әзірлейтін болады.

Жазылғанның негізінде, оң экономикалық қорытынды алынып, қажетті сараптамалардан өткен жағдайда, Министрлік дайындық жұмыстарын 2017–2018 жылдары жүргізуді және жобаны іске асыруды 2019 жылы бастауды жоспарлап отыр.

Б. Сағынтаев